

«БЕКІТЕМІН»

Атырау облысы Ішкі саясат
басқармасының «Азаматтық
орталығы» КММ-сі басшысының
міндеттін уақытша атқарушы


Ф.Карапиденов
«14 » иане 2025 ж.

«Demeý» облыстық конкурсын өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже Атырау облысы волонтерлері мен волонтерлік топтар арасында өтетін «Demeý» облыстық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) байқауына қатысу шарттарын ұйымдастыру, мақсаттары мен міндеттерін, өткізу кезеңдерін, бағыттар және өтінім беруге қойылатын талаптарды және женімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушысы «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Азаматтық орталығы» КММ-сі (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері.

2.1. Конкурс мақсаты – Атырау облысының әлеуметтік және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге үлес қосқан волонтерлер мен волонтерлер топтарының жетістіктерін насиҳаттау, үздіктерді анықтау.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- Атырау облысындағы волонтерлік қызметтің оң имиджін қалыптастыру;
- Атырау облысындағы волонтерлер мен волонтерлік топтардың дамуын жүзеге асыру;
- Өңірдегі әртүрлі бағыттарда қызметтер атқарып жүрген волонтерлер мен волонтерлік топтардың жұмыстарына қолдау көрсету:
 - **Birgemiz: Ayala**-жануарларға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру жөніндегі қызмет (жануарларға қатысты волонтерлік – жануарларды қорғауға және оларға көмек көрсетуге бағытталған ерікті қызмет)
 - **Birgemiz: Asyl Mura**-тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі қызмет, волонтерлердің халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, конфессияларлық, этносаралық, діни жанжалдардың алдын алуға қатысуы, этно-туризм, волонтерлердің археологиялық экспедицияларға қатысуы, волонтерлің тарихи архивтермен жұмысқа қатысуы.
 - **Birgemiz: Bilim** – халықтың әртүрлі топтарын цифрлық, қаржылық, тілдік, компьютерлік сауаттылыққа оқытуда волонтерлік көмек көрсету жөніндегі қызмет.

- **Birgemiz:Qamqor** – волонтерлерді қарттар үйлеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына тарту бойынша қызмет.
- **Birgemiz:Saylyq** – денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастар күтіміне көмек көрсету үшін, оның ішінде хоспистерде, онкологиялық диспансерлерде және т.б медициналық көмектің сапасын оның барлық кезеңдерінде арттыруға арналған профилактикалық, емдеу, оңалту, донорлық қызмет.
- **Birgemiz:Sabaqtastyq** – волонтерлердің балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, халықты әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қызын жағдайға тап болған балалар мен жастарға қатысты тәлімгерлік практикасын енгізу жөніндегі қызмет.
- **Birgemiz:Taza Alem** – қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қоқыстарды сұрыптауға үйрету бойынша қызмет. (еко-волонтерлік – қоршаған ортаны сақтауға, экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған ерікті қызмет).
- **Birgemiz:Umit – (ТЖ волонтерлік)** – жоғалған адамдарды іздеу, апаттар қаупін азайту және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға қатысты жобаларға волонтерлерді тарту, халық арасында қауіпсіздік мәдениетін насиҳаттау жөніндегі қызмет, сондай-ақ, Ұлы Отан соғысындағы біздің отандастарымыздың ерліктері туралы баяндайтын құжаттарды іздестіру жөніндегі жобалар.
- **Медиа-волонтерлік** – «Жақсылық жаршысы» жобасы мен әлеуметтік жобаларды ақпараттық жариялау, волонтерлер қозғалысын насиҳаттау бойынша басқа да ерікті қызметтер атқарып жүрген волонтерлерге қолдау білдіру.
- **Мәдениет және өнер саласындағы волонтерлік** – мәдени мұраны сақтауға және насиҳаттауға, мәдени кеңістіктердің ашықтығы мен қолжетімділігі атмосферасын құруға, мәдени бірегейлікті қалыптастыруға, жастар арасында мәдени саланы насиҳаттап, тарихи жадыны сақтауға бағытталған қызмет.
- **Спорттық және СӘС волонтерлік, әртүрлі спорт түрлеріне, белсенді өмір салтына, дұрыс тамақтануға, ментальді денсаулыққа және т.б. қолжетімділікті қамтамасыз ету және насиҳаттау жөніндегі қызмет.**
- **Басқа әлеуметтік волонтерлік** – азаматтардың белгілі бір санаттарына: мемлекеттің ерекше назарын қажет ететін балаларға, қарт адамдарға ардагерлерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға және т.б. көмектесуге бағытталған ерікті қызмет.
 - Атырау облысындағы волонтерлік қызметтің оң имиджін қалыптастыру;
 - Атырау облысындағы волонтерлер мен волонтерлік топтарды дамуға ынталандыру.

3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

- 3.1. Конкурс туралы ақпаратты тарату бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады.
- 3.2. Конкурсқа 35 жастан жоғары, 50 жастан асқан күміс волонтерлер қатысады.
- 3.3. Конкурс ережесіне сәйкес жеңімпаз анықталады.

- 3.4. Атырау облысы ішкі саясат басқармасының 2024 жылы «Демеу» жобасына қатысқан жеңімпаздар қайта өтініш бере алмайды.
- 3.5. Конкурстың қатысушыларын іріктеу мақсатында конкурс ұйымдастырылып, комиссия құрамын бекітеді.
- 3.6. Конкурсқа қатысуға Өтінімді (*қосымша 1*) және өзінің ұсынған жобасын demeu.gcenter2025@gmail.com электронды поштасына жібереді. Сонымен қатар, волонтерлік салада ауқымды атқарған жұмыстары жөніндегі мәліметті (*қосымша 2*) сәйкес жолдауы қажет.
- 3.7. Ұсынған жобаның мақсаты, жүзеге асырылуы, нәтижесі сипатталуы қажет.
- 3.8. Конкурстық комиссия келіп түскен өтінімдерді іріктеп, қажетті деп табылған жобаларды әрі қарай іске асыруға ұсынады.
- 3.9. Конкурстық комиссияның отырысы, егер онда бар оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан жағдайда ғана занды болып табылады. Шешім көпшілік даудыспен қабылданады.
- 3.10. Өтінімдерді іріктеу кезінде жобаның маңыздылығы мен ауқымы бағаланады (конкурсқа қатысушыларға қойылатын шарттар осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген).
- 3.11. Конкурстық комиссия, конкурстық өтінім дұрыс толтырылмаған жағдайда қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.
- 3.12. Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді, онда оның мүшелерінің ерекше пікірлері көрсетілуі мүмкін. Хаттамаға конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.
- 3.13. Жеңімпаз деп танылған 6 (*алты*) волонтерлер мен волонтерлік топ жобасы 1 000 000 (*бір миллион теңгемен*) қаржыландырылады.
- 3.14. Жобаны жүзеге асырган волонтерлерге 100 000 (*жуз мың теңге*) сыйақы міндетті ұсталымдар ұсталып, беріледі.
- 3.15. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша әлеуетті өнім беруші жеңімпазден танылған волонтерлермен келісім шартқа отырады. Келісім шарт үлгісі тапсырыс берушінің келісімімен бекітіледі.
- 3.16. Жеңімпаздардың жобаларына бөлінетін қаражат, қолма-қол берілмейді және жеке есепшоттарына аударылмайды.
- 3.17. Конкурсқа тек Атырау облысындағы волонтерлер мен волонтерлік топтар қатыса алады.
- 3.18. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау 14 шілдеден бастап 13 тамыз аралығында жалғасады. Уақытынан кешіктірілген өтінімдер қабылданбайды.

4. Конкурс кезеңдері

4.1. Конкурс 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең demeu.gcenter2025@gmail.com электронды адресіне келіп түскен өтінімдерді жинау: 2025 жылдың 13 тамызға дейін.

2 кезең - конкурс комиссиясының отырысын ұйымдастырып, келіп түскен өтінімдерді іріктеп, өтінім берушілердің жобалары қорғалады.

З кезең – әлеуетті өнім беруші жеңімпаз атанған волонтерлердің жобаларының жүзеге асырылуын толықтай қадағалайды.

Ескерту: Жеңімпаз деп танылған волонтерлер 45 күнтізбелік күн ішінде жобаны жүзеге асыруы қажет.

5. Конкурсқа қатысу шарттары.

5.1.Конкурсқа қатысу шарттары:

- Конкурсқа қатысуға өтінім,конкурсқа үміткердің қызметі туралы сипаттама (1 қосымша);
- Ұсынылған жоба ақпараты (Мақсаты, жүзеге асырылуы, нәтижесі толық сипатталуы қажет). (2 қосымша)
- Смета (3 қосымша)

p/c №	Атауы	Ақпарат
1.	Аты – жөні:	
2.	ЖСН нөмірі:	
3.	Байланыс нөмірі:	
4.	Электронды пошта мекен-жайы:	
5.	Мекен – жайы:	
6.	Республикалық, облыстық деңгейде атқарған жұмыстары туралы ақпарат (Әлеуметтік желіге шыққан сілтемелер, болған жағдайда)	

Толтыру күні: 20 ___ жылғы "___" _____.
 Анықтаудың датасынан шынайы жағдайда

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

Жоба туралы ақпарат

1	Жобаның атауы	
2	Жобаның мақсаты	Жоба бойынша қызметтің нәтижесін және келесі оған қол жеткізу қадамдары
3	Сіз көтерген жобаның мәселесі	Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығын негіздеу
4	Жобаның мақсатты тобы және қамтылатын адам саны	Жобаның бенефициарлары мен тартылған серіктестерді анықтайды
5	Жобаның қысқаша сипаттамасы	Міндеттерді шешуге және мәлімделген нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шараларды кезең-кезеңімен корсете отырып, жобаның іске асыруы тәртібін сипаттау
6	Күтілетін нәтижелер	- қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер, жоба мақсатты топтың әл-ауқат деңгейін, омірін қалай өзгертеді
7	Жобаның тұрақтылығы	Жоба аясындағы қарасты аяқталғаннан кейін жобаны іске асыруды жалғастыру мүмкіндігі

Толтыру күні: 20 ____ жылғы " ____ ".

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

Шығыстар сметасы

(Ұйым атауы)

№	Шығындар	Өлшем бірлігі (неше ай и/е саны)	Сомасы	Жалпы сомасы

Төраға: _____

(қолы)

Бас бухгалтер: _____

(болған жағдайда) (қолы)

М.О.